



# Жыл үздіктері анықталды

## JOMART JUREK

Жыл сайын елімізде «Жомарт жүрек» атты республикалық байқау өткізіліп келеді. Арқалықта аталған байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды.

Туған жерінде ірі әлеуметтік жобаларды іске асырғаны үшін, аз қамтылған, көп балалы отбасыларға, ата - анасының қарауынсыз қалған жетім балаларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, зейнеткерлерге қайтарымсыз көмек көрсеткені үшін «Жыл меценаты» номинациясына «Алюминстрой» ЖШС басшысы Абай Мұқанов, Елдімекендерді абаттандыру, саябақтардың, аллеялардың, ескерткіштердің, балалар алаңдарының құрылысы мен қайта құрылуына бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыру, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларына демеушілік көмек көрсеткені үшін «Туған өлке» номинациясына «Арсенал» ЖШС басшысы Сәбит Әбдіқадірұлы, волонтерлік қызметтерге белсенді қа-



тысқаны үшін «Ерен ерлілік номинациясына жастар белсендісі Дархан Батырханұлы ие болды. Мәртебелі марапаттарды қала әкімі Эльдар Күзенбаев ел быс етті.

«Торғай - ақпарат»